

**6D110100 Медицина мамандығы бойынша Қ. А. Яссауи атындағы  
Халықаралық қазақ-түрік университетіндегі докторантты Тутаева Айгерим  
Айтбайқызының «Тua пайда болған даму ақаулары бар шала туылған  
балалардың неврологиялық және соматикалық ерекшеліктері» атты  
Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алған үшін дайындалған  
диссертациялық жұмысына ғылыми жетекшінің  
ПІКІРІ**

Тутаева Айгерім Айтбайқызы 1987 жылы 23 маусым күні Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан қаласында туылған. 2004 жылы орта мектепті күміс медальмен бітірген. 2004-2011 жылдары Халықаралық қазақ-түрік университеті, Медицина факультетінде бакалавр, интернатурада оқыған. 2011-2013 жылдары осы университетте «Невропатология, оның ішінде балалар невропатологиясы» мамандығы бойынша резидентурада білім алды. 2013-2016 жылдар аралығында Халықаралық қазақ-түрік университетінде, 6D110100 Медицина мамандығы бойынша докторантурада оқыды.

А.А.Тутаеваның ғылыми жұмысы тау пайда болған даму ақаулары бар шала туылған балалардағы неврологиялық және соматикалық ерекшеліктерін анықтауға бағытталған. Докторант ғылыми зерттеу жұмысына Шымкент қаласындағы Облыстық клиникалық балалар ауруханасының неонатальді хирургия орталығы мен жаңа туылған нәрестелердің патологиясы бөлімшесінде 2011-2015 жылдар аралығында емделген тау пайда болған даму ақаулары бар 104 шала туылған балалардың нәтижелерін алды, мәліметтерін сараптаудан өткізді.

Докторант Шымкент қаласындағы облыстық балалар ауруханасындағы неонатальды хирургия орталығындағы науқастарды емдеуге белсене араласты. Жоғары профессиональді теориялық білімімен қатар, тәжірибелік дағдыларды да жақсы игерген. Бөлімшеде өткізілетін барлық неврологиялық және соматикалық тексеру тәсілдерін және емдеудің соңғы жетістіктерін менгерген. Диссертант өзін білікті дәрігер ретінде және неврологиядағы ғылыми зерттеулерге ерекше қызығушылығы бар екендігін көрсетті. Жауапкершілігі мол және әрінестері мен аурулардың арасында беделі жоғары.

30-дан аса ғылыми мақаласы жарық көрген. Диссертация тақырыбы бойынша 17 ғылыми жұмыс жариялаған, оның ішінде 4 КР БФМ –нің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 1 КР өнертабыс патентін беру жөніндегі қорытынды, Scopus базасына енген «Biomedical and Pharmacology Journal» SJR\_0,14 журналында 1 мақала басылып шыққан. Халықаралық конференция материалдарында 10 ғылыми жұмыс жарияланған, оның 5 шет елдік.

Халықаралық және Республикалық конференцияларда баяндамалар жасаған: 24th Congress of the European Society for Pediatric Neurosurgery (ESPN) (Рим, Италия 4-7 мамыр 2014ж), 58th Turkish National Pediatric Congress (Анталия, Турция 22-26 қазан 2014ж), XIII Жалпыресейлік ғылыми тәжірибелік конференция (Санкт-Петербург, Ресей 15-18 сәуір, 2014 ж), Өзбекстан нейрохирургтарының I Халықаралық съезді (Бұхара, Өзбекістан 25-

26 сәуір, 2014ж), Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция «Актуальные вопросы клинико-лабораторной и функциональной диагностики с клинической патофизиологией» (Самарқанд, Өзбекістан 10 -11 қараша 2015ж), 10th Asian Congress of Neurological Surgeons (Астана, Қазақстан 9-12 қыркүйек 2014ж), Ғылыми тәжірибелік конференция «Актуальные вопросы нейрохирургии и неврологии» (Ақтөбе, Қазақстан, 24-25 сәуір 2014 ж), Халықаралық ғылыми тәжірибелік конференция «XXI ғасырдың өзекті мәселелері» (Түркістан, Қазақстан 12-14 қараша, 2015).

Әртүрлі ғылыми жобалар мен конкурстарға белсene қатысады. «Орталық жүйке жүйесінің даму ақауларын ерте анықтау, хирургиялық емдеу және алдын алу шараларын жетілдіру» атты Оңтүстік Қазақстанда сәбилер өлімі мен мүгедектігін азайтуға бағытталған ғылыми жобаның орындаушысы. Докторлық ғылыми зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігінің ғылым Комитетінің 2012-2014 жылдарға арналған ғылыми зерттеуді гранттық қаржыландыру бағдарламасы аясында жазылды. Қорытындысы сараптаушылардан жоғары бага алған. ҚР FTA Ұлттық орталығында № 0112 РК 00155 тіркелген.

Пайда болған әртүрлі сұрақтарды тез және дұрыс шешеді. Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде еркін сөйлейді. Студенттер мен қызметтестермен тез тіл табысады. Сыпайы және барлық адамды жақын тартады. Кітапханада өзінің білімін көтеру үшін әдебиеттерді көп оқиды. Компьютерді қолдануды біледі. Тапсырылған істі уақытынды бітіреді. Өзінің ойын көпшілікке қарапайым тілмен, түсінікті етіп жеткізеді.

Жоғары интеллектуальді жас ғалымның бірі деп есептеймін. Жаңа инновациялық технологияны игеріп, оны қолдануда белсенділік танытады. Алдына мақсат қойып, оны орындауға күш салады. Өзіне және студенттерге сын көзben қарайды. Клиника ұжымында беделге ие. Өзіне және біліміне сенеді. Өзінің іс-қимылдарына, сөзіне жауап береді. Жұмысты жетілдіру жолында іс атқарады. А.А. Тутаева өзін білікті маман, сенімді дос және жақсы педагог бола білетіндігін көрсетті.

Тутаева Айгерім Айтбайқызы болашағынан үлкен үміт күтетін жақсы маман және ғылыми қызметкер. «Туа пайда болған даму ақаулары бар шала туылған балалардың неврологиялық және соматикалық ерекшеліктері» атты жазған диссертациялық жұмысы аяқталған ғылыми зерттеу деп есептеймін.

" " 2017ж.

Ғылыми жетекші,  
медицина ғылымдарының  
докторы, профессор

F. M. Елікбаев

F. M. Елікбаевтың қолтаңбасын растаймын  
Ғылыми хатшы

L.N. Танашева

Порнисса ғасырдағы  
Танашева  
сөз. он

